

Абай облыстық сотының  
жалпы отырысының  
2022 жылғы «28» қазан  
№ 1 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Төрақа К.М. Чакпантаев



**Абай облыстық сотының, аудандық және оған теңестірілген соттардың  
жалпы және кеңейтілген  
жалпы отырыстарының  
РЕГЛАМЕНТІ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

**1-тармақ.** «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі - Конституциялық заң) сәйкес жалпы және кеңейтілген жалпы отырыс Абай облыстық сотының органы болып табылады.

Абай облыстық сотының жалпы отырысы облыстық соттың Төрағасы, сот алқаларының төрағалары мен судьяларының барлық санынан үштен екі құрамында әрекет етеді.

Абай облыстық сотының кеңейтілген жалпы отырысы облыстық сот Төрағасы, сот алқаларының төрағалары, облыстық сот судьялары, сондай-ақ аудандық және оған теңестірілген соттардың (бұдан әрі - аудандық соттар) кеңейтілген жалпы отырыстары өкілеттік берген жергілікті соттардың судьялары құрамында әрекет етеді.

**2-тармақ** Абай облыстық сотының жалпы және кеңейтілген жалпы отырысының жұмысына төраға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің (бұдан әрі – Жоғары Сот Кеңесі) мүшелері қатысуға құқылы.

Дауыс беру құқығы жоқ сот қызметін ұйымдастырушылық және материалды-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның өкілдері, Абай облысы бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы қатысуға құқылы.

**3-тармақ** Абай облыстық сотының жалпы отырысы:

1) тиісті сот алқасының сандық және дербес құрамын белгілейді;  
2) облыстық сот төрағасының және алқа төрағаларының баяндамасын тыңдайды;

3) сот практикасын зерделеу және оны қорыту нәтижелері бойынша облыс соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталуы мәселелерін қарайды;

4) Абай облысы бойынша соттардың қызметін ұйымдық және материалды-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі -

уәкілетті орган) басшысының тағайындалуына келісім береді;

5) Абай облысы бойынша уәкілетті орган басшысының жұмысы эөнінде баяндамасын тыңдайды;

6) аудандық соттар төрағаларының, сот алқалары төрағаларының, судьяларының бос лауазымдарына кандидатураларды Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыруға дейін қарайды және тиісті қорытындылар шығарады;

7) уәкілетті органға аумақтық бөлімшесінің басшысын босату туралы ұсынымды уәкілетті органға береді;

8) судья лауазымына кандидаттардың тағылымдама нәтижелерін қарайды және тиісті қорытынды береді;

9) судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізу шеңберіндегі әрекеттерін тексеру үшін материалдарды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және оның қорытындысы бойынша тиісті шешім шығарады;

10) алғаш рет тағайындалған сот алқаларының төрағаларының, облыстық сот судьяларының, аудандық сот төрағаларының, судьяларының антын қабылдайды;

11) Абай облыстық сотының жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарының регламентін бекітеді;

12) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**4-тармақ.** Абай облыстық сотының кеңейтілген жалпы отырысы:

1) жергілікті соттың екі судьясын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына жібереді;

2) мыналарға:

Жоғары Сот Кеңесінің;

Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриінің және Кадр резерві жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Кадр резерві жөніндегі комиссия);

Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия) құрамына кандидаттарды ұсынады.

**5-тармақ.** Жалпы және кеңейтілген жалпы отырысты Абай облыстық сотының төрағасы шақырады.

Жалпы отырыс қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына екі рет шақырылады. Кеңейтілген жалпы отырыс қажеттілігіне қарай шақырылады.

Сот практикасын қорыту жөніндегі материалдар, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде өрескел қателіктерге жол берген судьялар жөніндегі ұсынымдар отырысқа дейін кемінде күнтізбелік 5 күн бұрын жалпы отырыстың қарауына жіберіледі.

**6-тармақ.** Абай облыстық сотының жалпы отырысы облыстық соттың Төрағасы, сот алқаларының төрағалары мен судьяларының барлық санынан үштен екі құрамында әрекет етеді.

Абай облыстық соты судьяларының барлық саны деп жалпы отырыс өткізілетін күнге сәйкес келетін облыстық сот судьяларының тізімдік құрамы түсініледі.

*Ескертпе: жаңа облыстық соттың құрылуына, алқа төрағалары лауазымдарында бос орындарының болуына, Жоғарғы Сотқа бір бірлікті іссапарға жіберілуіне байланысты.*

**7-тармақ.** Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыс Абай облыстық соты төрағасының төрағалық етуімен күн тәртібіне және жұмыс регламентіне сәйкес өткізіледі.

Жалпы отырыстың хатшысы облыстық сот төрағасымен келісім бойынша жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстың күн тәртібін жасайды. Қаралуға жататын мәселелер, өткізілетін күні мен орны көрсетілген күн тәртібіне облыстық сот төрағасы және жалпы отырыстың хатшысы қол қояды.

**8-тармақ.** Абай облыстық сотының төрағасы жалпы және кеңейтілген жалпы отырыс барысында:

- 1) отырысты басқарады, күн тәртібіне және жұмыс регламентіне сәйкес сөйлеу үшін сөз береді;
- 2) қаралатын мәселелерді дауысқа салады және нәтижелерін жариялайды;
- 3) осы Регламенттің нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді, олар бұзылған жағдайда ескерту жасауға, қайта бұзған кезде отырысқа қатысушыны сөз сөйлеуден айыруға құқылы, сондай-ақ отырыстың жұмысына кедергі келтіретін шақырылған адамдарды, оларға ескерткеннен кейін отырыс залынан шығара алады.

**9-тармақ.** Жалпы отырыстың хатшысы облыстық сот судьясының өкілеттіктерін атқарумен қатар осы Регламентте көзделген өзге де функцияларды орындайды.

Жалпы отырыстың хатшысы уақытша болмаған кезде облыстық сот төрағасы оның міндеттерін облыстық сот судьяларының біріне жүктейді.

**10-тармақ.** Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарда дауыс беру мына тәсілдердің бірі арқылы жүзеге асырылады: бюллетеньдерді пайдалану арқылы – жасырын, электронды тіркеу жүйесін пайдалану арқылы және кол көтеріп, дауыстарды есептеу арқылы – ашық.

Кеңейтілген жалпы отырыстың құрамына жіберілген судьялар облыстық сот судьяларымен бірдей дауыс беруге қатысады.

Облыстық соттың судьяларының және кеңейтілген жалпы отырыстың құрамына жіберілген жергілікті соттар судьяларының дауыс беруден қалыс қалуға құқығы жоқ. Қаралып отырған мәселе бойынша дауыстар тең түскен кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып есептеледі.

**11-тармақ.** Дауыс беру тәсілі туралы шешім күн тәртібі жарияланғаннан кейін қабылданады.



Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарда дауыс беру, кадрлық және судьялардың тәртіптік жауапкершілігі жөніндегі мәселелер бойынша ғана жасырын өткізіледі.

Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстың рәсімдік мәселелер бойынша шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

**12-тармақ.** Жалпы отырыстың қаулылары мен қорытындылары облыстық сот судьяларының жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады.

Кеңейтілген жалпы отырыстың қаулылары кеңейтілген жалпы отырыс құрамының жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады.

**12-1-тармақ.** Ерекше жағдайларда облыстық сот төрағасының бастамасы бойынша жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарды өткізу электрондық немесе аралас форматта жүзеге асырылады, ал судьялардың қатысуы техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып қамтамасыз етіледі.

Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарды электрондық форматта өткізу туралы шешім күн тәртібі бекітілгенге дейін қабылданады.

Егер жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстарды электрондық форматта өткізу туралы шешім қабылданбаған жағдайда, мұндай жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстар өткізілмеді деп жарияланады.

Электрондық форматта жүзеге асырылатын жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстардың шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстар барысында техникалық байланыс құралдары мен ақпараттық сервистерді қолдану тәртібін Конституциялық заңның, осы Регламенттің және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып уәкілетті орган анықтайды.

**13-тармақ.** Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстың қаулыларына, сондай-ақ жалпы отырыстың қорытындысына облыстық сот төрағасы, жалпы отырыстың хатшысы қол қояды және, егер онда өзге мерзімдер көрсетілмесе, қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстың қаулылары облыстық соттың интернет-желісінде жарияланады.

**14-тармақ.** Жалпы және кеңейтілген жалпы отырысты өткізу кезінде ілеспе аударма, аудио-бейне жазба және хаттама жүргізіледі.

Хаттаманы жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстың қызметін қамтамасыз ететін уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі қызметкерлерінің ішінен айқындалған техникалық хатшы жүргізеді.

Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстың хаттамасына облыстық сот төрағасы және жалпы отырыстың хатшысы қол қояды.

**15-тармақ.** Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстар қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы, қажет болған жағдайда телекоммуникациялық желілерде он-лайн режимде көрсетілуі мүмкін.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және осы Регламенттің нормалары сақтала отырып, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуы қамтамасыз етіледі..

**16-тармақ.** Жалпы және кеңейтілген жалпы отырыстың қызметін ұйымдық, ақпараттық-талдамалық және өзге де қамтамасыз ету, оның ішінде ілеспе аударма, отырыс залын техникалық қамтамасыз ету, қаулылардың жобаларын дайындау уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесіне жүктеледі.

**17-тармақ.** Қазақ және орыс тілдеріне, қағаз және электрондық жеткізгіштерде дайындалған жалпы және кеңейтілген жалпы отырыс қаулыларының жобалары, сондай-ақ жалпы отырыс қорытындылары отырысқа дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын жалпы отырыстың хатшысына беріледі.

## **2-тарау. Жалпы отырысты дайындау және өткізу тәртібі**

**18-тармақ.** Облыстық соттың сот алқаларының сандық және дербес құрамын облыстық сот төрағасының ұсынымы бойынша жалпы отырыста ашық дауыс беру тәсілімен бекітеді.

Облыстық сот судьяларын бір сот алқасынан басқа сот алқасына ауыстыру, сондай-ақ жаңадан сайланған судьяларды сот алқаларының құрамына бекіту облыстық сот төрағасының ұсынымы бойынша жалпы отырыстың қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

**19-тармақ.** Жалпы отырыс облыстық сот алқалары төрағаларының, уәкілетті орган басшысының қызмет нәтижелері туралы ақпаратын тыңдайды.

**20-тармақ.** Жалпы отырыс сот практикасын талқылайды және оны қорыту бойынша облыс соттарының сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды.

**21-тармақ.** Жалпы отырыс уәкілетті органға аумақтық бөлімшесінің басшысы лауазымына тағайындауға келісім береді, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысын орнынан босату туралы ұсыныс енгізеді.

**22-тармақ.** Жалпы отырыс судья лауазымына кандидаттардың тағылымдама нәжесін қарайды және тиісті қорытынды береді.

Жалпы отырыстың қорытындысы Жоғарғы Сот Кеңесіне жолданады.

**23-тармақ.** Жалпы отырыста алғаш тағайындалған төрағалар, сот алқаларының төрағалары, облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары ант береді.

**24-тармақ.** Жалпы отырыс аудандық және облыстық соттар судьяларының, аудандық сот төрағасының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды және құжаттарды Жоғары Сот Кеңесіне тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін тиісті қорытындылар шығарады.

Аталған бос лауазымдарға кандидатураларды облыстық соттың төрағасы ұсынады. Әрбір ұсынылған кандидат бойынша талқыланады және дауыс беріледі.

Жалпы отырыста лауазымға ұсыным беру немесе беруден бас тарту туралы қаулы қабылданады, әрбір кандидатура бойынша қорытынды бекітіледі.

**25-тармақ.** Жалпы отырыс судьяға қатысты материалдарды оның тәртіптік іс жүргізу шеңберіндегі іс-әрекеттерін тексеру үшін Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриіне (бұдан әрі – Сот жюриі) беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылдайды.

**26-тармақ.** Облыстық соттың жалпы отырысы кадр және судьяны тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерімен жасырын дауыс беру арқылы шешім қабылдайды.

Жасырын дауыс беру және оның нәтижесін анықтау үшін, жалпы отырыс облыстық сот судьяларынан көпшілік дауыспен кем дегенде үш судьяны есеп комиссиясына сайлайды. Есеп комиссиясына дауыс беру үшін тізімге қосылған кандидатуралар кірмейді. Есеп комиссиясы өзінің төрағасы мен хатшысын сайлайды. Жалпы отырыс есеп комиссиясын сайлағаны туралы қаулы қабылдайды.

**27-тармақ.** Жасырын дауыс бюллетеньді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бюллетень салынған және мөр қойылған жәшік есеп комиссиясының барлық мүшелерінің қатысуымен ашылады. Жасырын дауыс нәтижесі бойынша есеп комиссиясы хаттаманы толтырады, оған есеп комиссиясының барлық мүшелерімен қол қойылады.

Есеп комиссиясының төрағасы дауыс беру нәтижесін жариялаған соң, жалпы отырыс ашық дауыспен есеп комиссиясының хаттамасын бекітеді.

### **3-тарау. Кеңейтілген жалпы отырысты жүргізу тәртібі**

**28-тармақ.** Облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысы Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына жергілікті соттан екі судьяны жібереді.

Дауыс беру тізіміне облыстық соттың төрағасының ұсынысы негізінде аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары және облыстық соттың судьялары кіреді.

Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысының құрамына жіберілген тұлғалардың келісімі міндетті түрде қажет.

Дауыс беру әрбір кандидатура бойынша жүзеге асырылады. Көпшілік дауыс жинаған кандидат кеңейтілген жалпы отырыстың құрамына жіберілді



деп саналады.

**29-тармақ.** Облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысы Жоғары Сот Кеңесінің құрамына кандидатураларды қарайды және тиісті ұсынымды Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына шығарады.

Дауыс беруге арналған тізімге аудандық және облыстық соттың судьяларының Жоғарғы Сот Кеңесіне, сондай-ақ Жоғарғы Сотта тең өкілдікті замтамасыз етуді ескере отырып, облыстық сот төрағасының ұсынуы негізінде аудандық соттар мен облыстық сот судьяларының кандидатуралары енгізіледі. Аталған тұлғалардың келісімі міндетті түрде қажет.

Дауыс беру әрбір кандидатура бойынша жүзеге асырылады. Кеңейтілген жалпы отырыстың құрамына көпшілік дауысты жинаған кандидат ұсынылған болып саналады. Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына ұсынылған кандидаттардың жалпы саны екі судьядан кем болмау қажет (аудандық соттан бір судья және облыстық соттан бір судья).

**30-тармақ.** Облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот жюриінің құрамына судьялардың кандидатураларын қарайды және Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына тиісті ұсыным шығарады.

Сот жюриінің құрамына ұсынылған тұлғалардың жоғары кәсіби қасиеттері, мінсіз беделі, бірбеткей, сот қоғамдастығында беделі бар және кемінде 10 жылдық судьялық өтілімі болуы керек.

Сот жюриінің құрамына төрағалар және сот алқасының төрағалары, Сот этикасы комиссиясы, Жоғарғы Соттың жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссиясы және Жоғарғы Сот Кеңесінің жанындағы кадр резерві комиссиясына мүше судьялар сайлана алмайды.

Дауыс беру тізіміне аудандық және облыстық соттардың судьяларының кандидатуралары облыстық сот төрағасының ұсынысы негізінде, Сот жюриіне аудандық, облыстық және Жоғарғы соттың судьялары өкілдерінің қажеттілігін қамтамасыз ету жағдайында қосылады. Аталған тұлғалардың кандидаттыққа шығару жөнінде келісімі міндетті түрде қажет.

Ұсынылған кандидаттар бойынша дауыс беру әрбір кандидат бойынша жүргізіледі.

Кеңейтілген жалпы отырыс құрамының көпшілік дауысын жинаған кандидат ұсынылған болып саналады. Сонымен қатар, ұсынылып отырған кандидаттардың жалпы саны екі судьядан кем болмауы тиіс (аудандық соттан бір судья және облыстық соттан бір судья).

**31-тармақ.** Кеңейтілген жалпы отырыс Жоғарғы Соттың жанындағы кадр резерві комиссиясының құрамына судьялардың кандидатураларын қарайды және Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына тиісті ұсыным шығарады.

Кандидаттардың дауыс беру тізіміне қызметтегі судьялар облыстық сот

төрағасының ұсынысы негізінде қосылады. Аталған тұлғалардың келісімі міндетті түрде қажет.

Ұсынылған кандидаттар бойынша дауыс беру әрбір кандидат бойынша жүргізіледі.

Кеңейтілген жалпы отырыс құрамының көпшілік дауысын жинаған кандидат ұсынылған болып саналады. Сонымен қатар, ұсынылып отырған кандидаттардың жалпы саны екі судьядан кем болмауы тиіс (аудандық соттан бір судья және облыстық соттан бір судья).

**32-тармақ.** Облыстық соттың кеңейтілген жалпы отырысы Жоғарғы Соттың жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссиясы құрамына судьялардың кандидатураларын қарайды және Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына тиісті ұсыным шығарады.

Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссиясы құрамына төрағалар және сот алқасының төрағалары, Жоғарғы Сот Кеңесі, Сот этикасы және Сот жюриіне мүше судьялар сайлана алмайды.

Жоғарғы Соттың жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссиясы құрамына ұсынылған кандидаттардың жоғарғы кәсіби қасиеттері, мінсіз беделі және судьялар ортасында абыройы бар болуы керек.

Кандидаттардың дауыс беру тізіміне облыстық сот судьялары облыстық сот төрағасының ұсынысы негізінде қосылады.

Аталған тұлғаларды кандидаттыққа шығару жөнінде келісімі міндетті түрде қажет.

Ұсынылған кандидаттар бойынша дауыс беру әрбір кандидат бойынша жүргізіледі. Кеңейтілген жалпы отырыс құрамының көпшілік дауысын жинаған кандидат ұсынылған болып саналады. Сонымен қатар, ұсынылып отырған кандидаттардың жалпы саны екі судьядан кем болмауы тиіс.

#### **4-тарау.**

#### **Қорытынды ережелер**

**33-тармақ.** Регламент қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

**34-тармақ.** Аталған Регламентке өзгерістер мен қосымшаларды облыстық соттың жалпы отырысының қаулысымен енгізеді.